

**2015 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 171 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 шілдеде № 5716 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 қазандағы № 262 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 05.10.2015 № 262 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10-тармағына сәйкес және "Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2015 жылғы 26 мамырдағы № 1-13 ұсынысына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Қ. Ормановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 10 наурыздан бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

Аудан әкімі **Т. Даиров**

Ауданы әкімдігінің

2015 жылғы 26 маусымдағы

№ 171 қаулысына қосымша

## 2015 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

| Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі                                                                                                                             | Оңтайлы себу мерзімдері                                                                                             |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жаздық бидай                                                                                                                                                            | 2015 жылғы 15 мамырдан 12 маусымға дейін                                                                            |
| Күздік бидай                                                                                                                                                            | 2015 жылғы 25 тамыздан 10 қыркүйекке дейін                                                                          |
| Жаздық қатты бидай                                                                                                                                                      | 2015 жылғы 18 мамырдан 05 маусымға дейін                                                                            |
| Сұлы                                                                                                                                                                    | 2015 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін                                                                            |
| Арпа                                                                                                                                                                    | 2015 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін                                                                            |
| Тары                                                                                                                                                                    | 2015 жылғы 20 мамырдан 15 маусымға дейін                                                                            |
| Қарақұмық                                                                                                                                                               | 2015 жылғы 20 мамырдан 15 маусымға дейін                                                                            |
| Күздік қара бидай                                                                                                                                                       | 2015 жылғы 25 тамыздан 10 қыркүйекке дейін                                                                          |
| Бұршақтұқымдас дақылдар                                                                                                                                                 | 2015 жылғы 15 мамырдан 10 маусымға дейін                                                                            |
| Күнбағыс                                                                                                                                                                | 2015 жылғы 10 мамырдан 05 маусымға дейін                                                                            |
| Рапс                                                                                                                                                                    | 2015 жылғы 20 мамырдан 08 маусымға дейін                                                                            |
| Зығыр                                                                                                                                                                   | 2015 жылғы 12 мамырдан 05 маусымға дейін                                                                            |
| Максары                                                                                                                                                                 | 2015 жылғы 10 мамырдан 02 маусымға дейін                                                                            |
| Қыша                                                                                                                                                                    | 2015 жылғы 22 мамырдан 08 маусымға дейін                                                                            |
| Арыш (жаздық)                                                                                                                                                           | 2015 жылғы 18 мамырдан 08 маусымға дейін                                                                            |
| Арыш (күздік)                                                                                                                                                           | 2015 жылғы 25 тамыздан 10 қыркүйекке дейін                                                                          |
| Қытай бұршақ (соя)                                                                                                                                                      | 2015 жылғы 18 мамырдан 05 маусымға дейін                                                                            |
| Картоп                                                                                                                                                                  | 2015 жылғы 05 мамырдан 10 маусымға дейін                                                                            |
| Көкөністер                                                                                                                                                              | 2015 жылғы 25 сәуірден 15 маусымға дейін                                                                            |
| Көкөністер (барлық түрдегі жылыжайларда топырақтың қорғалған жағдайларында, 2 дақыл айналымы)                                                                           | 2015 жылғы 10 наурыздан 30 наурызға дейін                                                                           |
| Бақша дақылдары                                                                                                                                                         | 2015 жылғы 25 сәуірден 10 маусымға дейін                                                                            |
| Жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер                                                           | бірінші мерзім - 2015 жылғы 1 мамырдан 10 маусымға дейін<br>екінші мерзім – 2015 жылғы 05 шілдеден 31 тамызға дейін |
| Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту) үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер | бірінші мерзім - 2015 жылғы 1 мамырдан 10 маусымға дейін<br>екінші мерзім – 2015 жылғы 05 шілдеден 31 тамызға дейін |
| Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс                                                                                                                                           | 2015 жылғы 15 мамырдан 05 маусымға дейін                                                                            |
| Сүрлемдік жүгері                                                                                                                                                        | 2015 жылғы 15 мамырдан 05 маусымға дейін                                                                            |